

СОВЕТ ТАНКИ

Ұмытқам жоқ, әлі есімде
Қырық бесінші жыл еді,
Дрезденнің іргесінде
Қанды ұрыстың бірі еді.

Бекінді жау сол қалаға
Жақын келіп, шеп құрып,
Өңешінен өлім төгіп,
Жолатпады бетке ұрып.

Тұрды жаяу әскерлер де
Шабуылға шыға алмай,
Айбынды ауыр зеңбірек те
Дәлдеп жауды ұра алмай.

Осы кезде шықты шеттен
Біздің танк майданға.
Ұмтылды алға, басып өктем,
Жаудан әсте ол тайған ба!

Елең қылмай түсіп жатқан
Дұшпан добын жаңбыр боп,
Жақын келіп, өкпе тұстан —
Жау басына жаудырды оқ.

Темір торын талқан қылып,
Жау солдатын жоқ етті,
«Фердинандын» көкке ұшырып,
«Жолбарысын» шоқ етті.

Осы кезде "одақтастар"
Әскері де аржақтан —
Жеткен еді. Алайда олар —
Араласпай, жай жатқан.

Бірақ, соғыс санаса ма,
Өзге оның қылығы.
Оларға да жатыпты ұшып
Снарядтың сынығы.

Серпілді олар біздің танк
Айбатынан жасқанып:
«Совет танкі табанына
Қалармыз, — деп тапталып».

Содан бері неміс түгіл,
Американ, ағылшын —
Әскері де сескенеді
Көрсек совет танкісін.

Бүркіт СҚАҚОВ.

Социалистік Қазақстан. - 1950. -
10 сент. (№ 202). - 3 б.